

## **MINOR «ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ ПСИХОЛОГИЯСЫ»**

**Бағдарламаның ерекшеліктері:** Бағдарлама өзін-өзі жетілдірудің, тұлғалық өсудің жеке дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті құндылықтары: тұлғаны дамытуға, оның өзін-өзі анықтауына, белсенді өмірлік және азаматтық позицияға, өзі мен айналасындағыларға позитивті қатынасына бағытталғандығы – бүгінгі жастарымыздың өмір сүретін және жұмыс істейтін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен анықталады.

Бұл пәннің бағдарламасында тек пәннің мазмұнына ғана емес (білімдер мен біліктер, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі), сонымен қатар метапәндік дағдыларды (оқу барысында және реалды өмірлік жағдаяттарда орын алатын мәселелерді шешуде қолданылатын іс-әрекет әдістерін), соның ішінде тұлғалық нәтижелерді (білімгерлердің құндылықтық қарым-қатынастар, мүдделер, мотивациялар жүйесі) меңгеруге көп мән беріледі.

«Тұлғалық даму психологиясы» курсы барлық мамандықтарда оқитын білімгерлер үшін қосымша білім алудың маңызды элементі болып табылады. Ол тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етіп, білімгерлердің тұлғааралық және кәсіби өзара әрекеттесулерінде өзіне сенімді, иілімді, табысты болуына көмек береді.

Бұл курс білімгерлерге өз психологиялық сауаттылығын жетілдіруге және алған білімдерді тұлғалық, сонымен қатар кәсіби салаларда, өмірдің сапасын арттыру үшін қолданбалы қосымша универсалды инструмент болады.

### **Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

Эмоционалды және әлеуметтік интеллект деңгейін көтеру, сонымен бірге білімгерлерде психологиялық сауаттылықты, өзін-өзі тануды, өзін-өзі реттеуді жетілдіру.

Курс білімгерлердің айналасындағылармен тиімді өзара әрекеттесуінің, өз эмоцияларын басқаруының, адамдардың жеке айырмашылықтарын түсіну қабілеттерін арттыру, сонымен бірге алған білімдерін түрлі жеке және кәсіби салаларда, өмірлік жағдаяттарда қолдануға бағытталған.

### **1. Эмоционалды және әлеуметтік интеллекттің дамуы:**

- Білімгерлерді әлеуметтік және эмоционалды интеллект концепциялары мен теорияларымен таныстыру;
- Білімгерлерде эмпатия, белсенді тыңдау, тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- Білімгерлерде өз эмоцияларын тану, түсіну және басқару дағдыларын қалыптастыру;
- Білімгерлерде түрлі жағдаяттарда эмоционалды реакцияларды реттеу қабілетін дамыту.

### **2. Тұлға мен жеке айырмашылықтар психологиясы:**

Білімгерлерді жекетұлғалық айырмашылықтар (темперамент, мінез, тұлға типтері) теориясымен және оның тұлғааралық өзара әрекеттесулердегі маңызымен, тұлғаны диагностикалау әдістерімен, өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсіну әдістерімен таныстыру;

- Білімгерлерді өзіне сенімділігін, өзін құрметтеуін арттыратын әдістерге сонымен бірге психикалық икемділігін дамытатын әдістерге үйрету және тұлғалық ерекшеліктерді талдау мен тұлғааралық және кәсіби жағдаяттарға бейімделуге үйрету;
- Білімгерлерде түрлі адамдардың темперамент, құндылықтар және мотивациялар айырмашылықтарымен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- Білімгерлерде тұлғалық даму мен өмірдің сапасын арттыруға бағытталған өзін талдау дағдыларын қалыптастыру.

### 3. Психологиялық сауаттылық:

- Білімгерлерге тұлға психологиясы негіздерін және тұлғааралық қатынастар негіздерін оқыту, топта конфликтілерді шешу әдістерімен және конструктивті қатынастар әдістерімен таныстыру;
- Білімгерлерде адамдардың психологиялық күйлерін, эмоционалдық реакциялары мен мотивацияларын талдап, бағалау қабілеттерін дамыту; Өзін-өзі реттеу және стресс-менеджмент, көшбасшылық, қиын жағдайларда эмоцияларды басқару дағдыларын дамыту;
- Білімгерлерді психологиялық білімдерді жеке өмірі мен жұмыс орнында тұлғааралық өзара әрекеттесуді жақсарту үшін тиімді пайдалануды үйрету.

#### Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

PO1- Әлеуметтік және эмоционалдық интеллектің негізгі концепцияларын түсінеді және қолданады.

PO2 -Түрлі жағдаяттарда өз эмоцияларын тиімді танып, басқара алады.

PO3- Тиімді қарым-қатынас, белсенді тыңдау, конфликттерді шешу және эмпатия дағдыларына ие болады.

PO4- Психологиялық білімдерді тұлғалық өсу, тұлғааралық қарым-қатынастар мен кәсіби дағдыларын жақсарту үшін қолданады.

PO5- Психологиялық өзін-өзі реттеу, стрессті басқару және эмоционалдық тұрақтылықты арттыру техникаларын меңгереді.

PO6- Тұлғаны дамытудың, сонымен қатар топ пен командаларда тиімді жұмыс істеудің жеке жоспарларын жасайды.

PO7- Өзін-өзі тану және басқаларға психологиялық көмек беру үшін психодиагностикалық инструменттерді қолданады.

**Бағдарламаның мазмұны:**

| № | Пәннің атауы                                              | Кредит | Сағаттың үйлестірілуі |            |     |     | Пәннің қысқаша сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Қалыптаст. оқу нәтижелері |
|---|-----------------------------------------------------------|--------|-----------------------|------------|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|
|   |                                                           |        | Лекция                | Практ/зерт | СӨЖ | СӨЖ |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                           |
| 1 | Әлеуметтік және эмоционалдық интеллекттің (зияттың) дамуы | 5      | 30                    | 15         | 30  | 75  | Жеке адамның кәсіби және тұлғалық дамуында өзінің эмоциясы мен басқа адамдардың эмоциясын тани және бақылай алуы, оларды ажырата білуі және соны өзінің ойлануы мен іс-әрекетіне қолдануын қарастырады. Жеке адамның тұлғалық қасиеттері мен танымдық процестерінің өзара үйлесімділігінің дамуына әлеуметтік, эмоционалдық интеллектінің рөлі мен маңыздылығы талданады. Пәннің тақырыптары бойынша түрлі әдістемелер, жаттығулар, тренингтер.                                                          | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 5      |
| 2 | Тұлға мен жеке айырмашылық тар психологиясы               | 4      | 30                    | 15         | 30  | 75  | Қоғамда жеке тұлғаның психикалық дамуына ықпал ететін психологиялық мектептер мен теориялық бағыттар және оның дамуы мен қалыптасуын, механизмдері мен әдіс-тәсілдерін қарастырады. Тұлғаның бойындағы жеке айырмашылықтарды анықтайтын мінез, темперамент, қабілет, мотивация мен бағыт-бағдарын зерттейтін психодиагностикалық әдістері және оның іс-тәжірибе жүзінде қолдануы талданады. Пәннің тақырыптары бойынша түрлі әдістемелер, жаттығулар, тренингтер.                                        | ОН 2<br>ОН 3<br>ОН 4      |
| 3 | Психологиялық сауаттылық                                  | 5      | 15                    | 30         | 30  | 75  | Жеке адамның тұлғалық және кәсіби дамуына қажетті психологиялық білім, ептілік және дағдысын қалыптастыру мен дамытудың әдіс-тәсілдері, механизмдері мен принциптерін қарастырады. Педагогикалық ұжымда жеке тұлға ретінде рөлі, ұжым мүшелерімен коммуникативті, интерактивті, перцептивті тұрғыдан сауатты қарым-қатынас жасай білу туралы психологиялық құзыреттілігі және оқыту, тәрбиелеу мен мұғалім психологиясы талданады. Пәннің тақырыптары бойынша түрлі әдістемелер, жаттығулар, тренингтер. | ОН 2<br>ОН 4<br>ОН 5      |